ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
"___" _____ ж.
ЖАРҒЫҒА 2025 ж. "19" мауым
№ 1146-1926-ОХУӘЛІК
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТІРКЕЛГЕН
2014 ж. "31" наурыз

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
140340026755 БСН

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2025 жылғы «16» Маусым №129
қаулысымен бекітілген

Батыс Қазақстан облысы дін істері басқармасының
«Дін мәселелерін зерттеу орталығы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

1.Жалпы ережелер

1. Батыс Қазақстан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекеме (бұдан әрі – Коммуналдық мемлекеттік мекеме) өңірлік деңгейде діни үдерістерді зерттеуге бағытталған қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдық құқықтық нысанда құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің «Батыс Қазақстан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы» 2014 жылғы 04 наурыздағы №20 қаулысымен құрылды.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган – Батыс Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – Мекеменің құрылтайшысы).

4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган «Батыс Қазақстан облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган) болып табылады.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы: Батыс Қазақстан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, 090000, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы 201, 404 бөлме.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банктегі шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттік органдардың конфессияаралық келісімді нығайтудағы және діни экстремизм мен терроризм көріністеріне қарсы бірлескен тиімді іс-қимылын қамтамасыз ету Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні болып табылады.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты – тұрғындардың толерантты санасын қалыптастыру.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) өңірлік және республикалық деңгейде діни экстремизмге және жалған діни қызметтерге қарсы іс-қимылға бағытталған әдістемелік және практикалық іс-шараларды (лекциялар, семинар-тренингтер) және өзге де ақпараттық - түсіндіру және профилактикалық іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

2) радикалды, деструктивті және тоталитарлық діндердің ықпалынан зардап шегушілерге теологиялық, психологиялық және құқықтық көмек көрсету;

3) қоғамдық қозғалыстар мен бірлестіктерге Батыс Қазақстан облысында діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар өткізуге әдістемелік, ұйымдастырушылық және практикалық қызмет көрсету;

4) өңірдің конфессияаралық саласында Қазақстан Республикасына тұрақсыздық әкелуге қабілетті жағымсыз тенденцияларды анықтау үшін әлеуметтік зерттеулер жүргізу;

5) деструктивтік діни ағымдардың теріс әсері туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау;

6) деструктивтік діни ағымдардың теріс әсері туралы ақпаратты оқушылар арасында тиімді насихаттау мақсатында орта, арнаулы және жоғары оқу орындарымен, мемлекеттік құрылымдармен жұмыс істеу;

7) халық арасында діни экстремизм және терроризмге қарсы насихат жұмыстарын ұйымдастыру;

8) қоғамда толеранттық және адамгершілікті насихаттау;

9) ұлтаралық және конфессияаралық диалогты нығайту;

10) азаматтардың өзін-өзі бақылауын және өзгелерге деген төзімділігін тәрбиелеу мақсатында практикалық іс-шаралар өткізу;

11) қазақстандық қоғам үшін дәстүрлі болып табылатын құндылықтарды, әдет-ғұрыптарды, рәсімдерді насихаттау;

Рег.№ 1029 Рег.дата 18.06.2025 Копия электронного документа. Дата: 18.06.2025 11:45

12) деструктивті әдебиеттер және радикалды мазмұндағы материалдардың таралуына қарсы күресте сарапшылар жұмысына көмектесу;

13) Қазақстан Республикасының азаматтары мен өзге мемлекеттердің азаматтары арасындағы мәдени, кәсіби және басқа да қатынастарды дамытуға мүмкіндік туғызу;

14) қоғамның әлеуметтік және мәдени өмірдегі әр түрлі қырлары бойынша қоғамдық пікірді зерттеу;

15) дін, мәдениет, тарих және өзге де тақырыптарда танымдық фильмдерді, радио бағдарламаларды, семинарларды және конференцияларды ұйымдастыру;

16) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында және одан тыс жерлерде мекеменің қызметін насихаттау;

17) Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу, жолын кесу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алу;

18) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құзыретіне жататын мәселелер бойынша құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауға.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады

15. Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен айқын шектелген қызмет мақсаттарына қайшы не басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған Коммуналдық мемлекеттік мекеме мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органның, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

16. Мекеменің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Коммуналдық мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штатын бекітеді;

4) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады

17. Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) осы жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

18. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

Рег.№ 1029 Рег.дата 18.06.2025 Копия электронного документа. Дата: 18.06.2025 11:45. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат

19.Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте келесі функцияларды жүзеге асырады;

1) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) Коммуналдық мемлекеттік мекеме жарғысын бекітуге енгізеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуде бастамашылық етеді;

4) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік маңызды шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

5) Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

6) Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады, міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

7) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;

9) жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

10) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

20. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Уәкілетті органмен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады .

21. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда Уәкілетті органға тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

22. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

23. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекememен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

24. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және

қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті нұсқаулар береді, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде актілер шығарады;

8) Уәкілетті орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа, Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады, сондай-ақ ынталандыру және өзге де төлемдерді жүзеге асырады, тәртіптік жаза қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

25. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің бағасы оның теңгеріміндегі айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды.

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

26. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 161-бабының 2-тармағында көзделген салаларында мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

28. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі жергілікті атқарушы орган бюджетінен қаржыландырады.

29. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

30. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны уәкілетті салалық органмен және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзге де мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

31. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

32. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес аймақтық тіркеу органдарында тіркеледі.

8. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

33. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

34. Коммуналдық мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

35. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органы қайта бөледі.

36. Таратылған коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

37. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Подпись канцелярии
18.06.2025 11:12 ТУРМАГАМБЕТОВ ЕРЖАН

Подпись руководителя
18.06.2025 11:12 ТУРМАГАМБЕТОВ ЕРЖАН

Рег.№ 1029 Рег.дата 18.06.2025 Копия электронного документа. Дата: 18.06.2025 11:45. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат